



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына – «Nur Otan»
партиясы фракциясының мүшелеріне**

2021 жылғы 8 қазандағы № ДС-300 хатқа

Құрметті депутаттар!

1000 мектептің құрылысы бойынша проблемалық мәселелерге қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

Қазіргі кезде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылдың соңына дейін кемінде 1000 мектеп салу бойынша өңірлер бөлінісінде жол картасы әзірленуде.

2021 жылы 1000 мектептің 200-ін, оның ішінде нысаналы құрылыс есебінен 163 мектепті, жан басына қаржыландыру тетігі есебінен 31 жекеменшік мектепті, мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) шеңберінде 6 мектепті пайдалануға беру жоспарланған. Мектептердің нысаналы құрылысына 2021 жылы жалпы сипаттағы трансферттермен жергілікті атқарушы органдарға 95,7 млрд теңге берілді. Қосымша, 2021 жылы «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасының аясында 65 мектептің құрылысына 40,1 млрд теңге көзделген.

2021 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 165 мектеп (56 мың оқушы орнына) пайдалануға берілді, оның ішінде 52 нысаналы құрылыс есебінен, 112 (36 мың орынға) жекеменшік мектеп, 1 (2 мың орынға) МЖӘ есебінен.

Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ақпаратына сәйкес жыл соңына дейін барлығы 311 мектеп пайдалануға берілетін болады, оның ішінде 145 мектеп мемлекеттік бюджет есебінен, 4 мектеп МЖӘ есебінен, 162 жекеменшік мектептер.

Сонымен қатар, қазіргі кезде Министрлікпен білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына¹ өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеуде. Онда жалпы білім берудің бастапқы сатысын

¹ «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

кеңістік-дамыту ортасын құру жөніндегі жабдықпен, мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу орнын ұйымдастыру үшін жеке компенсаторлық, қосалқы, техникалық құралдармен қамтамасыз ету қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі үш жыл ішінде өзгертуге жатпайды.

1000 мектептің құрылысы шеңберінде МЖӘ тетігін қолдану арқылы 101 мектептің құрылысы қамтамасыз етіледі.

Қаржыландыру көздерін кеңейту, құрылыс салушылар мен инвесторларды мектеп құрылысына тарту үшін Министрлік Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында білім беру компонентінсіз бағдарламалық мемлекеттік-жекешелік әріптестікті енгізуді көздеуді жоспарлап отыр (*Build-Transfer-Operate моделі бойынша бағдарламалық МЖӘ бойынша базалық шарттар мен талаптар бекіту*).

Министрлік 2018 жылы орта білім беру нысандарын жобалау кезінде құрылыс нормаларын қайта қарау жұмысын бастады. Осы кезеңде мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен 3000 оқушыға арналған мектеп салу, 5 қабатты мектеп ғимараттарын салу, жер учаскелерінің алаңы бойынша талаптарды қайта қарау және т.б. мәселелер пысықталды.

Ағымдағы жылы құрылыс нормаларына өзгерістер енгізу бойынша қосымша ұсыныстар тізбесі қалыптастырылды (*ғимараттардың алаңы, оқу жабдығымен жарақтандыру, оқу кабинеттері бойынша*).

Сонымен қатар, қазіргі кезде Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті 2500 орынға арналған мектептің үлгілік жобасын әзірлеуде.

Жалпы, аталған бағыттардағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Ә. Смайылов